

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 165-V ҚРЗ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат;

№ 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11, 13-құжаттар; № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 54, 56-құжаттар; № 13, 62, 63, 64-құжаттар; № 14, 72, 74, 75-құжаттар; № 15, 77, 78, 79, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2013 жылғы 14 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы 310 және 311-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«310-бап. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзу»;

«311-бап. Иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бұзу»;

2) 310, 311 және 559-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«310-бап. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзу

1. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын:

1) карантин мен шектеу іс-шараларының шарттары мен талаптарын сақтамау;

2) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды, талаптарды және ветеринариялық нормативтерді:

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеуге және өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде;

зообақтардағы, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарларды асырау, өсіру және пайдалану;

ішкі сауда объектілерінде; жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде; ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда қызметті жүзеге асыру кезінде;

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру кезінде сақтамау;

3) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау туралы

нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамау;

4) кейін өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союдың шарттары мен талаптарын сақтамау;

5) тіркеу сынақтарын жүргізу үшін ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын қажетті көлемде өндіру, әкелу (импорт) жағдайларын қоспағанда, оларды мемлекеттік тіркеусіз өндіруді, әкелуді (импортын), өткізуді және қолдануды (пайдалануды) жүзеге асыру түрінде жасалған бұзушылық –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Ветеринариялық іс-шараларды өткізбеу немесе тиісті түрде өткізбеу, сондай-ақ оларды өткізу мерзімдерін бұзу –

жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етпеу – лауазымды адамдарға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасымен өздеріне жүктелген функцияларды орындамауы – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына ескерту жасауға әкеп

с о ғ а д ы .

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына :

1) жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және өткізілгені ;

2) жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарламау және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолданбау –

жеке тұлғаларға – ескерту жасауға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Осы баптың тоғызыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

11. Ветеринариялық құжаттарды беру тәртібін және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бұзу –

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Осы баптың он бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

13. Ветеринария саласындағы мамандардың қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға ветеринариялық іс-шаралар өткізу жөнінде жәрдем көрсетпеу – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік

субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

14. Жануарларды карантиндеу қағидаларын бұзу – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

15. Эпизоотияның таралуына немесе өзге де ауыр салдарларға әкеп соқпаған, эпизоотияға қарсы күрес мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ ветеринария саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзу – жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

16. Осы баптың он үшінші, он төртінші және он бесінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (ә р е к е т с і з д і к) –

жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

«311-бап. Иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бұзу

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары белгілеген, қалаларда және басқа да елді мекендерде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бұзу – ескерту жасауға немесе үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Жеке тұлғалардың денсаулығына немесе мүлкіне залал келтіруге әкеп соққан нақ с о л ә р е к е т т е р –

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

«559-бап. Ветеринария саласындағы уәкілетті орган

1. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары осы Кодекстің 310-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Осы Кодекстің 310-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы мен оның орынбасарлары;

2) ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары және олардың орынбасарлары;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары;

5) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары және олардың орынбасарлары, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары құқылы.

3. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары:

1) өткізу орындарында – жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізу кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың бұзылғаны үшін;

2) теміржол, су және әуе көлігінде, жолдарда және мал айдайтын күре жолдарда – Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын), мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ мал айдау кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың бұзылғаны үшін;

3) мемлекеттік шекарада – Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау бөлігінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың бұзылғаны үшін айыппұлды сол жерде ала алады.».

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар):

1) 65-баптың 1-тармағы 11) тармақшасындағы «хабарлауға міндетті.» деген сөздер «хабарлауға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылатын, топыраққа агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу үшін жер учаскелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.»;

2) 104-баптың 3-тармағындағы «ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен» деген сөздер «ветеринария саласындағы уәкілетті органмен» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 107-баптың 3-тармағының 10) тармақшасындағы «мал қорымы» деген сөздер «мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды)» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат):

1) 49-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ветеринария саласындағы уәкілетті орган;»;

2) 120-баптың 2-тармағындағы «мал қорымдарын» деген сөздер «мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 125 - б а п т а :

2-тармақтың 4) тармақшасындағы «мал көмінділерін» деген сөздер «мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі «ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен» деген сөздер «ветеринария саласындағы уәкілетті органмен» деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75 - құжаттар) :

1) 18-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) ветеринария саласындағы уәкілетті орган;»;

2) 112-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) ветеринария саласындағы уәкілетті орган;»;

3) 220-баптың 1-тармағының 13) тармақшасындағы «өлген малды көметін орындар» деген сөздер «мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды)» деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 78, 81-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2013 жылғы 14 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 18-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісу бойынша айқындайды;»;

2) 238-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен белгіленеді.

3. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісу бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды.».

6. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж.,

№ 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2013 жылғы 7 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2013 жылғы 7 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 53-баптың 1-тармағының 8) тармақшасында:
жиырма бесінші абзац алып тасталсын;

отыз тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ауылшаруашылық өнімін шығаруды басқару жүйелерін дамыту;»;

2) 56-баптың 1-тармағы 7) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда

жазылсын:

«жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;»;

3) 70-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Білім беру, сұрыптарды сынақтан өткізу, ауылшаруашылық өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларының, Қарулы Күштердің спорт саласында маманданатын мемлекеттік мекемелері, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік мұражайлар мен мұражай-қорықтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылуға тиіс.».

7. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 220-құжат; 2001 ж., № 23, 318-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-

құжат; № 3, 22-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 23-1) және 23-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«23-1) бірінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара мал – тұқым стандартына сай келетін, таза тұқымды мал тегінің кемінде үш ұрпағының тұқым-тегі туралы анық деректер қамтылған асыл тұқымдық куәлігі бар таза тұқымды ірі қара мал;

23-2) екінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара мал – тұқым стандартына сай келетін, асыл тұқымдық куәлігі бар таза тұқымды ірі қара мал;»;

32), 35) және 36) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«32) жануардың тұқым-тегі – асыл тұқымды жануардың шығу тегі туралы мәліметтер ; » ;

«35) селекциялық карточка – селекциялық жануарды есепке алу нысаны;

36) селекциялық жануар – тұқым стандартына сай келетін жануар;»;

39) тармақшадағы «малды» деген сөз «ауыл шаруашылығы жануарын» деген сөздермен ауыстырылсын ;

41) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«41) тұқым стандарты – уәкілетті орган бекіткен, өнімділігі, дене тұрқы бойынша тиісті тұқымдағы асыл тұқымды және селекциялық жануарлар үшін қойылатын ең төменгі талаптар ; » ;

2) 9-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Асыл тұқымдық өнім (материал) импорты ветеринариялық сертификат және белгіленген тәртіппен танылған, экспорттаушы елдің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжат болған кезде жүзеге асырылады.»;

3) 1 3 - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерді сынақтардан және байқаулардан өткізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді ; » ;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы ережені әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

«14-1) танылуын ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палата жүзеге

асыратын, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тануды жүзеге асырады;»;

22) тармақшадағы «жаңа» деген сөз алып тасталсын;

4) 1 4 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палаталардың және мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескере отырып, көрсетілген мақсаттарға көзделген бюджет қаражаты шегінде асыл тұқымдық өнімге (материалға) арналған с у б с и д и я л а р д ы б ө л е д і ; » ;

5) тармақша алып тасталсын;

5) 16-1-баптың 9) тармақшасы «асыл» деген сөздің алдынан «Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген,» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 1 6 - 2 - б а п т а :

3-тармақтың 3) тармақшасы «көшірмесін» деген сөзден кейін «(асыл тұқымды мал зауыттары мен асыл тұқымды мал шаруашылықтары үшін)» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

6-тармақтың 3) тармақшасы, 7-тармақтың 3) тармақшасы және 8-тармақтың 3) тармақшасы «сертификаттың» деген сөзден кейін «(куәліктің)» деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

7) 26-баптың 2-тармағындағы «малды» деген сөз «ауыл шаруашылығы жануарларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 28-баптың 2-тармағындағы «малды» деген сөз «ауыл шаруашылығы жануарларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 28-2 және 28-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«28-2-бап. Ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық п а л а т а

1. Ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палата бір немесе бірнеше тұқымның бірінші және екінші санаттардағы асыл тұқымды ірі қара малын өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін іске асыру және қорғау үшін құрылатын және әрекет ететін коммерциялық емес, өзін-өзі қаржыландыратын ұ й ы м б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палата заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен әділет о р г а н д а р ы н д а т і р к е л е д і .

3. Қазақстан Республикасының аумағында ірі қара малдың әр тұқымы бойынша ірі

қара мал тұқымдары жөніндегі бір республикалық палата құрылады және әрекет етеді, ол облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдарын және өкілдіктерін) құруға құқылы.

4. Егер, бір тұқымның бірінші және екінші санаттардағы асыл тұқымды ірі қара малын өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін бір немесе бірнеше тұқымның ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палаталардың қайсы бірі білдіретін болса, онда ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палатаның қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы жағдайларын қоспағанда, осындай тұқым жөніндегі жеке республикалық палата құруға жол берілмейді.

5. Ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палатаның қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен және жарғымен реттеледі.

28-3-бап. Ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палатаның өкілеттіктері

Ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палата:

1) бірінші және екінші санаттардағы асыл тұқымды ірі қара малмен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркеу арқылы оны есепке алу және ұйымдастырады;

2) табындағы селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты үйлестіреді;

3) бірінші және екінші санаттардағы асыл тұқымды ірі қара малға мәртебе береді;

4) бірінші және екінші санаттардағы асыл тұқымды ірі қара малға асыл тұқымдық куәліктер және селекциялық жануарларға селекциялық карточкалар беруді жүзеге асырады;

5) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тануды жүзеге асырады;

6) көрсетілген мақсаттарға көзделген бюджет қаражаты шегінде асыл тұқымдық өнімге (материалға) арналған субсидияларды бөлу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

7) асыл тұқымды ірі қара мал тұқымдары бойынша асыл тұқымдық кітапты жүргізеді және басып шығарады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

8. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 16-құжаттар; № 14, 95-құжат):

2-баптың 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«22) селекциялық жануар – тұқым стандартына сай келетін жануар.».

9. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі

басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; 2013 жылғы 7 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2013 жылғы 11 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

б - б а п т а :

2-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттарының құзыретіне жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, сондай-ақ бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленген өзге де қағидаларды бекіту жатады.»;

мынадай мазмұндағы 2-4-тармақпен толықтырылсын:

«2-4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттарының құзыретіне жануарлар асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жатады.».

10. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат

; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2013 жылғы 7 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы);

55-баптың 1-тармағындағы «өлген малды көметін ұралар» деген сөздер «мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар))» деген сөздермен ауыстырылсын.

11. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75 - құжаттар) :

1) 1 - б а п т а :

3), 3-1), 3-3), 3-4) және 3-5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор – диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көпдеңгейлі жүйесін көздейтін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асыратын және уәкілетті орган пайдаланатын ветеринариялық есепке алудың бір бөлігі;

3-1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспортты бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын, жануарларды есепке алу рәсімі;»;

«3-3) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді көшірме – жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысанда жануарлар иелерінің талап етуі бойынша алатын, диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жүргізілген ветеринариялық іс-шаралардың мерзімдері мен с и п а т ы т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

3-4) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын сырғалар (ілінетін, радиожілік таңбасы бар), болюстер, чиптер

және басқа да бұйымдар (құралдар);

3-5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттар – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын құрал-саймандар мен аспаптар;»;

мынадай мазмұндағы 3-6) және 4-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-6) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) белгілеу жөніндегі лазерлік станция (бұдан әрі – лазерлік станция) – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) жеке нөмір түсіруді жүзеге асыратын ұйым;»;

«4-1) биологиялық қалдықтар – жануарлардың өлімі, тірі организмдермен және биологиялық тіндермен (материалдармен) ветеринариялық практикалық және ғылыми қызмет пен эксперименттер нәтижесінде түзілген, сондай-ақ жануарларды өсіруді, дайындауды (союды), жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауды, қайта өңдеу мен өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдардың қызметі процесінде пайда болатын материалдар, заттар, малдан, өсімдіктерден және минералдардан қалған қалдықтар (жануарлардың өлекселері, абортталған және өлі туған төлдер, ветеринариялық конфискаттар, жемшөп қалдықтары); »;

9) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9) ветеринариялық құжаттар – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары беретін ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық сертификат; тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық ахуал туралы жануарға, жануарлардан алынатын өнімдерге және шикізатқа жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы маманы, сондай-ақ жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдердің және шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөнінде өндірістік бақылау бөлімшесінің аттестатталған ветеринариялық дәрігері беретін ветеринариялық анықтама; »;

«11) ветеринариялық препараттар мыналар:

жануарлар ауруларының профилактикасына, диагностикасына және оларды емдеуге арналған, қаннан, қан плазмасынан, сондай-ақ жануарлардың ағзаларынан, өсімдіктерден, минералдардан синтез әдістерімен немесе биологиялық технологиялар қолданыла отырып алынған заттар;

фармакологиялық белсенділігі бар, өсімдіктерден, жануарлардан алынатын немесе синтетикалық заттар;

жануарларға арналған парфюмерия немесе косметика құралдары ретінде
п а й д а л а н ы л а т ы н з а т т а р ;

жануарлардың өнімділігін арттыруға, дезинфекциялауға, дезинсекциялауға және
дератизациялауға арналған заттар.

Осы тармақшаның ережелері ветеринария саласында пайдаланылатын (қолданылатын) дәрілік заттарға қолданылады;»;

12) тармақшадағы «байқаудан өткізу, тіркеу сынақтарын жүргізу» деген сөздер «байқаудан өткізу және тіркеу сынақтары» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен» деген сөздер алып тасталсын;

15), 16) және 19-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«15) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтары – ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының қауіпсіздік және сапа көрсеткіштеріне сәйкестігін айқындау;

16) ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу – ветеринариялық препаратты, жемшөп қоспаларын ветеринариялық практикада пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін, олардың иммундық-биологиялық қасиеттері мен эпизоотологиялық тиімділігін, олардың жануар организміне тигізетін әсерінің салдарлары жоқтығын, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздігін айқындау мақсатында, оларды шектеулі зертханалық және (немесе) өндірістік жағдайларда сынақтан өткізу;»;

«19-1) ветеринария саласындағы маман – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінің, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария мамандықтары бойынша жоғары, орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі бар қызметкері;»;

20) тармақшадағы «бірдейлендіру рәсімін» деген сөздер «ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) тармақшадағы «ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган» деген сөздер «ветеринария саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 38-1) тармақшамен толықтырылсын:

«38-1) жануарларды карантиндеу – диагностикалық зерттеулер мен ветеринариялық дауалау жүргізу мақсатында жаңадан келіп түскен, әкелінген, сатып алынған, әкетілетін, орны ауыстырылатын жануарларды оқшаулап ұстау;»;

39-3), 40) және 45-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«39-3) процессингтік орталық – функцияларын осы Заңға сәйкес жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымның құрылымдық бөлімшесі;

40) сараптама актісі (сынақ хаттамасы) – орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер диагностикасының немесе ветеринариялық-санитариялық сараптамасының нәтижелері бойынша ветеринариялық зертханалар беретін құжат;»;

«45-1) эпизоотологиялық зерттеп қарау актісі – эпизоотологиялық ошақтардың туындау себептерін зерделеу және жануарлар ауруларының таралуына ықпал ететін немесе кедергі болатын жағдайларды анықтау нәтижелері бойынша, сондай-ақ жануарларды карантиндеу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор беретін құжат»;»;

2) 3-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) ветеринария ғылымын дамыту, ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.»;

3) 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) ветеринариялық іс-шаралар өткізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге»;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

« 8) м ы н а л а р д ы ң :

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен ш и к і з а т т ы ң ;

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеуге бағытталған.»;

4) 5 - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

« 7) м ы н а л а р д ы ң :

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен ш и к і з а т т ы ң ;

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеудің тәртібі мен ш а р т т а р ы н б е л г і л е у ; » ;

15) тармақшадағы «сәйкестендіру есебін қоса алғанда,» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 18-7), 18-8), 18-9), 18-10), 18-11), 18-12), 18-13), 18-14), 18-15), 18-16), 18-17) және 18-18) тармақшалармен толықтырылсын:

«18-7) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар желісінің мемлекеттік нормативін б е к і т у ;

18-8) биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою тәртібін бекіту;

18-9) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді

жүргізу қағидаларын бекіту;
18-10) жануарларды өткізу қағидаларын бекіту;
18-11) жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту;
18-12) дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу қағидаларын бекіту;
18-13) эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;
18-14) жануарларға қарау қағидаларын бекіту;
18-15) сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын бекіту;
18-16) шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу және алып тастау
қағидаларын бекіту;

18-17) ветеринариялық іс-шаралар өткізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара
іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;
18-18) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу қағидаларын бекіту;»;

5) 6 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«3) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар желісінің мемлекеттік нормативіне
сәйкес құрылатын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар;»;

4) тармақшадағы «қызметпен шұғылданатын» деген сөздер «қызметті жүзеге
асыратын» деген сөздермен ауыстырылсын;
6) 8 - б а п т а :

11) тармақша «мамандарды» деген сөзден кейін «, ветеринария саласындағы
кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды» деген сөздермен
толықтырылсын;

12) тармақшадағы «жануарлар аурулары бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«34) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу қағидаларын әзірлеу;»;
36) тармақша алып тасталсын;

44) және 45) тармақшалардағы «сәйкестендіру есебін қоса алғанда,» деген сөздер
алып тасталсын;

46), 46-5 және 46-6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«46) ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және
заңды тұлғаларды есептік тіркеу тәртібін бекіту және оны жүргізу;»;

«46-5) жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды
жоспарлау және өткізу қағидаларын бекіту;

46-6) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына
нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу тәртібін бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 46-10), 46-11), 46-12), 46-13), 46-14), 46-15), 46-16), 46-17), 46-
18), 46-19), 46-20), 46-21), 46-22), 46-23) және 46-24) тармақшалармен толықтырылсын:

«46-10) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар желісінің мемлекеттік нормативін әзірлеу ;

46-11) биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою тәртібін әзірлеу;

46-12) тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мониторингтің жоспарын бекіту ;

46-13) сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын әзірлеу;

46-14) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу;

46-15) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлеу ;

46-16) жануарларды өткізу қағидаларын әзірлеу;

46-17) жануарларды карантиндеу қағидаларын әзірлеу;

46-18) дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу қағидаларын әзірлеу;

46-19) эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу;

46-20) ветеринариялық препарат пен жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу қағидаларын бекіту ;

46-21) жануарларға қарау қағидаларын әзірлеу;

46-22) шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын әзірлеу ;

46-23) ветеринариялық іс-шаралар өткізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу;

46-24) диагностикалық зерттеулер жүргізу қағидаларын бекіту;»;
7) 9 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың , облыстық маңызы бар қалалардың, жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері;»;

2 және 2-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың , облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелері ветеринария саласындағы қызметті осы Заңға сәйкес жүзеге асырады және дербес бөлімшелер нысанында құрылады .

2-1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшесінің басшысы бас мемлекеттік ветеринариялық дәрігер болып табылады, ал өзге лауазымды адамдары мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер болып табылады.»;

8) 10 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы «карантин режимін немесе шектеу іс-шараларын енгізе отырып,

карантин аймағының ветеринариялық режимін» деген сөздер «карантинді немесе шектеу іс-шараларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) және 10-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«10) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу), ветеринариялық паспортты дайындау жөнінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ;

10-1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және процессингтік орталыққа ақпарат беру ;» ;

10-2) тармақша алып тасталсын ;

11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«11) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастыру ;

12) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды уәкілетті органға ұсыну ;» ;

13) тармақша алып тасталсын ;

1 - 1 - тармақта :

2) тармақшадағы «карантин режимін немесе шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін» деген сөздер «карантинді немесе шектеу іс-шараларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

10), 11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«10) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу), ветеринариялық паспортты дайындау жөнінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ;

11) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастыру ;

12) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды уәкілетті органға ұсыну ;» ;

13), 17) және 18) тармақшалар алып тасталсын;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және процессингтік орталыққа ақпарат беру ;» ;

21) тармақша алып тасталсын ;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«24) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды

күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;»;

25) және 26) тармақшалар алып тасталсын;
27), 28), 30) және 31) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«27) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

28) мүдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;»;

«30) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу;

31) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;
» ;

32) тармақша алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 32-3) тармақшамен толықтырылсын:
«32-3) ауру малдарды санитариялық союды ұйымдастыру;»;

2 - т а р м а қ т а :

1), 3), 4), 7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;»;

«3) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

4) мүдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;»;

«7) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу;

8) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;
» ;

9) тармақшадағы «карантин режимін немесе шектеу іс-шараларын енгізе отырып

карантин аймағының ветеринариялық режимін» деген сөздер «карантинді немесе шектеу іс-шараларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақша алып тасталсын;

14), 14-1) және 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«14) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізу бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

14-1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына ақпарат беру;

15) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну;»;

16) және 17) тармақшалардағы «(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)» деген сөздер «, республикалық маңызы бар қаланың, астананың» деген сөздермен ауыстырылсын;

18), 20), 20-1), 20-2), 20-4) және 20-5) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 20-6) тармақшамен толықтырылсын:

«20-6) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;»;

9) 10 - 1 - б а п т а :

бірінші абзацтағы «құзыретіне» деген сөздер «құзыретіне мыналар кіреді» деген сөздермен ауыстырылып, 3), 4), 4-1), 5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

7) тармақшадағы «карантин режимін немесе шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін» деген сөздер «карантинді немесе шектеу іс-шараларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

9), 10), 11), 12), 13), 14), 16) және 17) тармақшалар алып тасталсын;

10) 11 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша бесінші абзацындағы «жоюды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік мекеме» деген сөздер «жоюды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңның 32-бабының 1-1-тармағына сәйкес процессингтік орталықтың функцияларын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік мекеме;»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік монополияға жатқызылған мынадай функцияларды:

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасын;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың энзоотиялық ауруларының

диагностикасын жүзеге асыру мақсатында республикалық мемлекеттік кәсіпорын нысанында мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасымен және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекітетін тізбеге енгізілген, жануарлардың энзоотиялық ауруларының диагностикасымен технологиялық б а й л а н ы с т ы қ ы з м е т к е :

зертханалық зерттеулер мен ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу;
өлшем құралдарын салыстырып тексеру және сынақ жабдығын аттестаттау;

дезинфекцияның сапасын бактериологиялық зерттеу;
биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату мен жою жатады;»;

3) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«энзоотиялық мониторингті;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары мынадай функцияларды:

жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді;

ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуді ;

жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды тасымалдау (жеткізу), сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) бойынша қызметтер көрсетуді;

құрылысын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын) күтіп-ұстауды;

қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды;

ветеринариялық анықтама беруді;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірме беруді;

биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық з е р т х а н а ғ а ж е т к і з у д і ;

ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады.

Аудандардың жергілікті атқарушы органдары құратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар ветеринариялық пункттерімен құрылады.»;

11) 13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ветеринария мамандықтары бойынша жоғары, орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі бар адамдардың ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы бар.

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар есептік тіркелуге жатады.»;

12) 14-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы «аурулары қоздырушыларының» деген сөздер «ауруларының» деген сөзбен ауыстырылсын;
1 3) 1 4 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарда;»;

3-тармақтағы «Қазақстан Республикасының аумағын жануарлардың аса қауіпті және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан» деген сөздер «Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 15-баптың 9) және 9-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«9) ветеринариялық есепке алу мен есептілік жөніндегі құжаттама, ветеринариялық анықтама, ветеринариялық-санитариялық қорытынды, сараптама актісі (сынақ хаттамасы), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өндіру, дайындау (сою), сақтау және қайта өңдеу жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттама мен ветеринария саласындағы өзге де нормативтік құжаттама;

9-1) мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар);»;

1 5) 1 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғы н д а :

3) тармақшадағы «(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)» деген сөздер «, республикалық маңызы бар қаланың, астананың» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) республикалық қордан ветеринариялық препараттарды бөлу туралы шешім қ а б ы л д а у ; » ;

16) 18-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында:

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ветеринариялық нормативтерді бірнеше рет бұзған, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды қайта аттестаттау т у р а л ы н ұ с қ а м а ; » ;

тоғызыншы абзацтағы «жануарға арналған» деген сөздер алып тасталсын;

оныншы абзацтағы «жануарларды» деген сөз «ауру жануарларды» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 7) 2 5 - б а п т а :

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге;

6) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені;

жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;

8) тармақша алып тасталсын;

10), 11-1), 12) және 12-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«10) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың актілерін орындауға;»;

«11-1) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) союды жүзеге асыруға;

12) ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсетуге;

12-1) жануарларды карантиндеуді жүргізуге;»;

18) 26-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ветеринариялық іс-шараларды өткізу тәртібі ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалармен айқындалады.»;

19) 26-1-баптың 4-тармағының 2) тармақшасындағы «жануарлардың жұқпалы ауруларының әкелінуі мен таралуынан» деген сөздер «жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 26-2-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы «жануарлардың жұқпалы ауруларының әкелінуі мен таралуының» деген сөздер «басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуының» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 27-баптың 4-тармағындағы «ветеринария саласындағы уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 29-баптың 3-тармағындағы «негізделген мониторингін» деген сөздер «негізделген эпизоотиялық мониторингін» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 30 - бапта:

2-тармақтағы «ерекше» деген сөз алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі

айқындайтын тәртіппен және жағдайларда:

1) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ;

2) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеттіруге қ ұ қ ы ғ ы б а р . » ;

24) 32-баптың 1-1-тармағы 5) тармақшасындағы «ішінара алуды жүзеге асырады.» деген сөздер «ішінара алуды;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4-1), 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) мемлекеттік сатып алуды, оның нәтижелері бойынша өнім берушілермен өнім беру жөнінде шарт жасасуды, сондай-ақ тапсырыс берушілерге ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды сақтау мен тасымалдау (жеткізу) жөніндегі қызметтерді қамтамасыз е т у д і , ұ с ы н у д ы ; » ;

«6) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған құралдардың (бұйымдардың) және атрибуттардың республикалық қорын қ а л ы п т а с т ы р у д ы ;

7) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру мониторингін жүзеге асырады.» ;

25) 5-тараудың тақырыбындағы «ветеринария мамандарын» деген сөздер «ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 33-баптың 2-тармағындағы «, жемшөп пен жемшөптік қоспалардың» деген сөздер «және жемшөп қоспаларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«34-бап. Ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру

Ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламалар міндетті түрде уәкілетті органмен к е л і с і л у г е ж а т а д ы . » ;

28) 34-1-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы «ветеринария мамандарына» деген сөздер «ветеринария саласындағы мамандарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың,

астананың жергілікті өкілді органдары» деген сөздер «жергілікті өкілді органдар»
деген сөздермен ауыстырылсын;
2 9) 3 5 - б а п т а :
1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:
«3-1) осы Заңның 11-бабына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға бекітіп
берілген функцияларды орындауға арналған шығыстар;»;
6) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
« 6) м ы н а л а р д ы ң :

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып
қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен
ш и к і з а т т ы ң ;

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай
залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың,
жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;»;

«9) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған
бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды, ветеринариялық паспортты сатып алуға
а р н а л ғ а н ш ы ғ ы с т а р . » ;

2 - т а р м а қ т а :

1) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«1) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу,
серияларын бақылау және оларға тіркеу сынағын жүргізу;»;

«6) түсетін қаражатты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген
тәртіппен бюджет кірісі есебіне жатқыза отырып, ветеринариялық-санитариялық
қорытындының, ветеринариялық сертификаттың бланкілерін, ауыл шаруашылығы
жануарларын бірдейлендіруге арналған чиптерді беру;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:
«6-1) тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын
, осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген көлемінен тыс іс-шаралар
өткізу (өтініш жасалған жағдайда);»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«7) жануарларды карантиндеу кезінде диагностикалық зерттеулерді және
ветеринариялық дауалауды жүргізу.».

12. «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» 2003 жылғы 8
сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің
Жаршысы, 2003 ж., № 6, 35-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011
ж . , № 6 , 4 9 - қ ұ ж а т) :

5-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі «жеткізу» деген сөз және 11-баптың 2-
тармағындағы «жеткізіп беру» деген сөздер «беру» деген сөзбен ауыстырылсын.

13. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 16, 100-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

1-баптың 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) агент – жалғыз акционері мемлекет болып табылатын, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің құрамына кіретін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам;».

14. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 6-2), 6-3), 12-1), 22-1), 22-2), 22-3) және 24-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-2) агрохимикаттар – өсімдіктерді қоректендіруге, топырақтың құнарлылығын реттеуге арналған химиялық немесе биологиялық тыңайтқыштар, химиялық мелиоранттар (торфты, органикалық тыңайтқыштарды, мелиоранттар қасиеттері бар табиғи материалдарды қоспағанда);

6-3) агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеу – агрохимикаттарды сынау процесін аяқтайтын рәсім, оның нәтижесі бойынша жеке және заңды тұлғаларға агрохимикаттарды Қазақстан Республикасының аумағында қолдану құқығына тіркеу куәлігі беріледі; »;

«12-1) ауылшаруашылық өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік мекеме осы Заңға сәйкес жүзеге асыратын қызмет; »;

«22-1) инвестициялық салынымдар – жаңа өндірістік қуаттарды құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған шығындар;

22-2) кепілдендірілген сатып алу бағасы – өзіндік құн мен рентабельділік ескеріле отырып белгіленетін, ауылшаруашылық тауарын өндірушілерден ауылшаруашылық өнімін сатып алу жүзеге асырылатын баға;

22-3) қайта өңдеуші кәсіпорындар – ауылшаруашылық өнімін бастапқы және (немесе) тереңдете қайта өңдеуді жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілері; »;

«24-1) сатып алу бағасы – бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін ауылшаруашылық

өніміне қайта өңдеуші кәсіпорындар ұсына алатын баға;»;

2) 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-3) тармақшамен толықтырылсын:

«1-3) ауылшаруашылық өнімінің және оны қайта өңдеуден алынған өнімдердің табиғи кему, кебу, азаю, бұзылу нормаларын бекіту;»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 0) м ы н а л а р д ы :

өсімдіктердің жоғары бағалы сұрыптары мен ауыл шаруашылығы жануарларының, құстар мен балықтардың жоғары бағалы тұқымдарының гендік қорын сақтау мен д а м ы т у д ы ;

тұқым шаруашылығын дамыту бойынша;

мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бойынша;

аквакультура (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды;

басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын;

тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда);

өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын;

ауылшаруашылық тауарларын өндірушілерге суды беру бойынша көрсетілетін қ ы з м е т т е р д і ң құнын ;

жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын;

ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын ;

отандық ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу үлесін ұлғайтуды;

кредиттер және технологиялық жабдықтың лизингі бойынша сыйақы м ө л ш е р л е м е л е р і н ;

шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған шығындардың құнын ;

ауылшаруашылық өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды;

ауылшаруашылық техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 10-1), 10-2), 10-3), 10-4), 15-5), 15-6), 15-7), 15-8) және 15-9) тармақшалармен толықтырылсын:

«10-1) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын

б е к і т у ;

10-2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту;

10-3) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту ;

10-4) кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауылшаруашылық өнімінің тізбесін бекіту;»;

«15-5) «Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі» конкурсын өткізу қағидаларын б е к і т у ;

15-6) топырақты агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу қағидаларын бекіту;

15-7) ауылшаруашылық өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсетудің заттай нормаларын б е к і т у ;

15-8) агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту;

15-9) ауылдық елді мекендерге тартылатын агроөнеркәсіптік кешен мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту;»;

3) 6 - баптың 1 - тармағында :

5 - 1) тармақша алып тасталсын ;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын :

«6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды, фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру ;» ;

мынадай мазмұндағы 8-1), 10-1), 10-2), 14-2), 14-3), 15-4), 15-5), 15-6), 15-7), 15-8), 15-9) және 18-1) тармақшалармен толықтырылсын :

«8-1) өңірлер бойынша азық-түлік тауарларының қорларын есепке алу нысандарын және есептілікті ұсыну тәртібін бекіту;»;

«10-1) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын ә з і р л е у ;

10-2) кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауылшаруашылық өнімінің тізбесін әзірлеу;»;

«14-2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын әзірлеу;

14-3) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау қағидаларын ә з і р л е у ;» ;

«15-4) топырақты агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу қағидаларын әзірлеу;

15-5) ауылшаруашылық өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсетудің заттай нормаларын ә з і р л е у ;

15-6) агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлеу;

15-7) агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеу;

15-8) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің агрохимиялық жай-күйі туралы ақпараттық деректер банкін құру мен жүргізу қағидаларын бекіту;

15-9) ауылшаруашылық өнімінің және оны қайта өңдеуден алынған өнімдердің табиғи кему, кебу, азаю, бұзылу нормаларын әзірлеу;»;

«18-1) ауылдық елді мекендерге тартылатын агроөнеркәсіптік кешен мамандары лауазымдарының тізбесін әзірлеу;»;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«24) салалық көтермелеу жүйесін бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 24-1) және 24-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«24-1) «Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі» конкурсын өткізу қағидаларын әзірлеу ;

24-2) агроөнеркәсіптік кешен өнімінің республикалық көрмелерін, жәрмеңкелерін ұйымдастыру ; » ;

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«25) субсидияларды алушы міндеттемесінің нысанын бекіту;»;

25-2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26-3) тармақшамен толықтырылсын:

« 2 6 - 3) м ы н а л а р д ы :

өсімдіктердің жоғары бағалы сұрыптары мен ауыл шаруашылығы жануарларының, құстар мен балықтардың жоғары бағалы тұқымдарының гендік қорын сақтау мен дамытуды ;

тұқым шаруашылығын дамыту бойынша;

мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бойынша;

акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды;

басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын;

тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда);

өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын;

ауылшаруашылық тауарларын өндірушілерге суды беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын ;

жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын; ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының

қ ұ н ы н ;

отандық ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу үлесін ұлғайтуды;
кредиттер және технологиялық жабдықтың лизингі бойынша сыйақы
м ө л ш е р л е м е л е р і н ;

шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған шығындардың
қ ұ н ы н ;

ауылшаруашылық өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды;
ауылшаруашылық техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін
субсидиялау қағидаларын әзірлеу;»;

4) 7 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) «Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі» конкурсын өткізу;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал
шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, сою
алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), пестицидтерді, улы
химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді)
салуды, күтіп-ұстауды және реконструкциялауды қамтамасыз ету;»;

мынадай мазмұндағы 12-3), 12-4), 12-5), 12-6) және 12-7) тармақшалармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«12-3) тиісті өңірде азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізу және
агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға есептілік ұсыну;

12-4) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру кезіндегі
комиссияның бір бөлігінің және қарыздарын сақтандыру кезіндегі сақтандыру
сыйақыларының бір бөлігінің орнын толтыру;

12-5) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде
жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру;

12-6) кепілдендірілген сатып алу бағасы және сатып алу бағасы белгіленетін, сатып
алынатын ауылшаруашылық өнімі субсидияларының нормативін бекіту;

12-7) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта
өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау;»;

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім
беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен
саласындағы мамандарды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген
әлеуметтік қолдау шараларын, сондай-ақ осы санаттардағы қызметкерлерге әлеуметтік
көмектің өзге де шараларын айқындау;»;

4 - т а р м а қ т а :

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, күтіп-ұстау мен реконструкциялауды ұйымдастыру;»;

6-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) тиісті өңірде азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізу және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына (әкімдіктеріне) есептілік ұсыну;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуметтік қолдау шараларын қолдану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) «Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі» конкурсын өткізу;»;

5 - т а р м а қ т а :

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге қатысу;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттердің, сою алаңдарының (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарының), мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың), пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарының (көмінділердің) жұмыс істеуіне жәрдемдесу;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) «Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі» конкурсын өткізу;»;

5) 9-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) ауылшаруашылық өнімін кепілдендірілген сатып алу бағасы бойынша сатып алу ; » ;

6) 11-баптың 2-тармағында :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау;»;

5-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5-3) ауылшаруашылық тауарларын өндірушілерге суды беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау;»;

мынадай мазмұндағы 5-4) тармақшамен толықтырылсын:

«5-4) шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған

шығындарды

субсидиялау;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) ауылшаруашылық өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамыту;»;

мынадай мазмұндағы 8-5) және 8-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-5) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау;

8-6) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау;»;

7) 13-баптың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды және фитосанитариялық бақылауды жүргізу;

2) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (қорымдарды) ұйымдастыру;»;

8) мынадай мазмұндағы 13-1 және 14-1-баптармен толықтырылсын:

«13-1-бап. Ауылшаруашылық өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету

1. Ауылшаруашылық өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік мекеме жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік мекеменің функциялары:
топырақты агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу;
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығына мониторинг жүргізу;
топырақ құнарлылығы деңгейінің болжамы мен динамикасын жүргізу;
агрохимикаттарды сынақтан өткізу;
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің агрохимиялық жай-күйі туралы ақпараттық деректер банкін құру және жүргізу;
өсімдік шаруашылығы өнімінің және оны қайта өңдеуден алынған өнімдердің сапасын бағалау болып табылады.

3. Мемлекеттік мекеме:
топырақты агрохимиялық зерттеп қарауды жүргізу;
агрохимикаттарды сынақтан өткізу;
агрохимикаттардың сандық және сапалық көрсеткіштерін айқындау;

өсімдік шаруашылығы өнімінің және оны қайта өңдеуден алынған өнімдердің
с а п а с ы н б а ғ а л а у ;

жер учаскелері меншік иелерінің және жер пайдаланушылардың өтініші бойынша
топырақтың құрамындағы макро-, микроэлементтерді, ауыр металдарды, су сіріндісін
қ о с ы м ш а з е р т т е п қ а р а у д ы жү р г і з у ;

сынақтан өткізу нәтижелері бойынша қорытынды бере отырып, аспаптар мен
зертхана жабдығын, агрохимия саласындағы химиялық талдамалардың әдістемелерін
б а й қ а у д а н ө т к і з у ;

топыраққа, өсімдік шаруашылығы өніміне және оны қайта өңдеуден алынған
өнімдерге, агрохимикаттарға химиялық талдаулар жүргізудің, тыңайтқыштар жүйесін
жасаудың, жер учаскелерін пайдаланудың әдістері мен қағидалары жөнінде
консультациялық қызметтер көрсету бойынша ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.

4. Мемлекеттік мекемені қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына
с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы . » ;

«14-1-бап. Агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеу

1. Агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеу оларды сынақтан өткізу қорытындылары
б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

2. Мемлекеттік тіркеуден өткен агрохимикаттарды қолдануға рұқсат етіледі және
оларды агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган
агрохимикаттардың т і з і м і н е е н г і з е д і .

3. Сынақтан өткізу және ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін тәжірибелік үлгілерді
қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген агрохимикаттарды өндіруге, әкелуге,
сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға тыйым салынады.

Сынақтан өткізу және ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін агрохимикаттардың
көлемін агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4. Агрохимикаттарды сынақтан өткізу жеке және заңды тұлғалардың қаражаты
е с е б і н е н жү р г і з і л е д і . » ;

9) 1 8 - б а п т а :

2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) ауылдық елді мекендерге денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім
беру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен қызметкерлерінің тартылуын
ы н т а л а н д ы р у а р қ ы л ы р е т т е й д і . » ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс
істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт
және ветеринария саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден
қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға
қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың
ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған

айлықақылар мен тарифтік ставкалар жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімі бойынша белгіленуі мүмкін.»;

6 және 8-тармақтардағы «ветеринария» деген сөз «агроөнеркәсіптік кешен» деген сөздермен ауыстырылсын;

6, 7 және 8-тармақтардағы «мамандары», «мамандарына», «процент жоғары» деген сөздер тиісінше «саласындағы мамандар», «саласындағы мамандарға», «пайызға жоғарылатылған» деген сөздермен ауыстырылсын.

15. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат):

1) 134-баптың 2-тармағының 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) мынадай функцияларды:

жануарлар ауруларының диагностикасы жөніндегі референттік функцияны;

энзоотиялық мониторингі;

Сақтаулы микроорганизмдер штаммдарының ұлттық коллекциясын жүргізуді;

ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарынан, байқаудан өткізуді, сондай-ақ препараттарға шағым түскен кезде олардың серияларын (партияларын) бақылауды;

тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мониторингі

референцияны;

ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары қауіпсіздігінің мониторингін;

жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар өткізуді;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді;

ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуді;

жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды тасымалдау (жеткізу), сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) бойынша қызметтер көрсетуді;

құрылысын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын) күтіп-ұстауды;

қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды;

ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізуді, ұсынуды;

ветеринариялық анықтама беруді;
ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді
және одан үзінді көшірме беруді;
биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық
зертханаға жеткізуді;
ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуді
жүзеге асыру;»;

2) 161-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Білім беру, сұрыптарды сынақтан өткізу, ауылшаруашылық өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларының, Қарулы Күштердің спорт саласында маманданатын мемлекеттік мекемелері, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік мұражайлар мен мұражай-қорықтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылуға тиіс.».

2 - б а п . О с ы З а ң :

1) 2014 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 11-тармағы 4) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он жетінші және он сегізінші абзацтарын, 6) тармақшасының оныншы және жиырма жетінші абзацтарын;

2) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 11-тармағы 8) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші, он бесінші, жиырмасыншы, жиырма бірінші және қырық төртінші абзацтарын, 24) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті *Н.Назарбаев*